


Бекітемін: 
№28 «Ақбота» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: Жолболды Б
02.09.2020 ж

Әйтеке би кенті МКҚК
№28 «Ақбота» бөбекжай балабақшасының
02.09.2020 ж № 1 педагогикалық кеңесінде бекітілді

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША «БАЛАПАН» ЕРТЕ ЖАС ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Ерте жас тобы қыркүйек айы Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту негізінде олардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- әдептілік ережелерімен (саламатсызба, сау болыңыз) таныстыру, топ тәрбиешілерінің аттарын атауды үйрету (апай) ;
- қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
- сурет салуға қызығушылықтарын туғызу;
- музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 Музыка – 1,0
Менің балабақшам 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Шашырап жүру. Шағын топпен жүру. 2. Белгі бойынша тоқтап жүру. Шашырап жүру. 3. Шағын топпен жүру, Бір қатар тізбекпен жылдам және баяу жүгіру. Қимылды ойын: «Қуыршаққа қонаққа барамыз»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Менің тобым» (топқа саяхат) Мақсаты: Ересектердің сөзін мұқият тыңдауға, тұрғын үй бөлмелерінің атауын қайталап айтуға және (ойын бөлме, жатын бөлме, шешінетін бөлме, әжетхана), бағдарлап тани білуге дағдыландыру. Сөздік қорын дамыту	Сенсорика Тақырыбы: «Ойыншық машина» (ойын) Мақсаты: Ойыншық машинаны жібінен тарта отырып, дыбысын шығара білу қабілеттерін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Жол саламыз» Мақсаты: Балаларды бейнелеу құралдарымен таныстыру, ашық түстерді қабылдауға, сызықтарды қағазға салуды үйрету Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Мақсаты: музыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдауға үйрету. Музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту. Ән тыңдау: «Балбөбектер әні» (С.Кәрімбаев). Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев)

«Менің достарым» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Топпен жүру. Тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) ересектің көмегімен жүру. 2. Тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) ересектің көмегімен жүру.Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке салу. 3. Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке салу. Алаңның бір шеті мен екінші шетіне қол ұстасып жүгіру. Қимылды ойын: «Қонжыққа кім тез жетеді»	Көркем әдебиет Тақырыбы:«Ақ қоян қонаққа келді» (ойын жаттығу) Мақсаты: Әңгімелеу арқылы балалардың тыңдау мәдениетін дамыту, олардың түсіну дағдыларын қалыптастыру, ойын барысында эмоционалды көңіл-күйлерін білдіруге, екі-үш әрекеттен тұратын жеңіл тапсырмаларды есте сақтап, орындауға жетелеу	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ойыншықтармен достасайық» Мақсаты: Ойыншықтармен таныстыру. Суретте берілген және қоршаған ортадағы заттарды танып, оларды атауға және дауыстарға еліктеуді үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: «Досыма арналған шарлар» Мақсаты: сазбалшықпен таныстыру, алақан арасына салып домалатуды, дөңгелек пішінді мүсіндей білуге үйрету Музыка Тақырыбы:«Біздің балабақшамыз»(Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев) Мақсаты: музыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдау және оларды тану дағдысын қалыптастыру. Музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту. Ән тыңдау:«Балбөбектер әні» (С.Кәрімбаев) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев)
---	--	--	--	---

«Менің сүйікті ойыншықтарым» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту (доғаның биіктігі 50 см). Ересектің көмегімен жәшікке (биіктігі 10-15 см) міну және одан түсу. 2. Ересектің көмегімен жәшікке (биіктігі 10-15 см) міну және одан түсу. Допты алға домалату. 3. Допты алға домалату. Белгіленген жерге дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Доппен секіреміз»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов. Мақсаты: Ойыншықтар туралы түсінігін кеңейту, өлеңді мұқият тыңдап, жекелеген сөздерді дауыстап айтқызу (Бұл қуыршақ. Қуыршақтың көзін, қолын, аяғын көрсетіп атын атау және балалардан қайталап сұрау т.б) арқылы белсенді сөйлеуін дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға (тістемеу, жыртпау, сындырмау, т.б) тәрбиелеу	Сенсорика Тақырыбы: «Біздің топтың ойыншықтары» (үстел-үсті ойыны) Мақсаты: Біртекті заттарды ортақ белгісі, пішіні бойынша топтастыру	Сурет салу Тақырыбы: «Әдемі доп» Мақсаты: берілген доп бейнесін бояу жағылған саусақпен сәндеп, әсемдеу. Музыка Тақырыбы: «Қуыршағым» (Ғ. Дауылбаева) Мақсаты: әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдауға, музыкалық шығармаларға эмоционалды үн қатуды үйрету Ән тыңдау: «Әлди, әлди, бөпем-ай» (Г. Аманжол, Б. Аманжол) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Қуыршағым-ай»
--	---	--	--	--

«Жаһаздар» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Параллель жатқан арқандардың арасымен еңбектеп өту (2м қашықтыққа), Допты екі қолмен алға лақтыру. 2. Допты екі қолмен алға лақтыру.Еденде жатқан лентадан аттап өту. 3. Еденде жатқан лентадан аттап өту. «Секір» ойын жаттығуы Қимылды ойын: «Орындыққа кім тез жетеді?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қуыршақтың бөлмесі» Мақсаты: Өлеңді тыңдауға үйрету. Өлеңді қайталап оқу, көрсету арқылы сөздерді айта білуге дағдыландыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Орындық» Мақсаты: Күнделікті қолданыста жүрген заттарды танып, ажыратуға үйрету. «Менің қуыршағымның орындығы » дидактикалық ойын	Мүсіндеу Тақырыбы: «Сөреге қоятын тәрелке» Мақсаты: Жалпақ пішіндерді мүсіндей білуге үйрету. Музыка Тақырыбы: «Қуыршағым» (Ғ.Дауылбаева) Мақсаты: әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдау дағдысын бекіту. Музыкалық шығармаға эмоционалды үн қатуды дағдыландыру. Ән тыңдау: «Әлди,әлди, бөпем-ай» (Г.Аманжол, Б.Аманжол) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Қуыршағым-ай»
---	---	--	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Қазан айы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге тәрбиелеу

Міндеттері: - Туыстық байланыс туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру: ата-әже, ана-әке т.б.

-заттармен нәзік қимыл үйлесімділігін дамыту;

-ермексазды домалақтау тәсілдерін үйрету;

-саусақ моторикаларын дамыту;

-тепе -теңдік сақтауға дағдыландыру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0
«Менің отбасым,ата-аналар еңбегі» 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) ересектердің көмегімен жүру,допты төменге лақтыру. 1. Допты төменге лақтыру, құрсаудан еңбектеп өту. 3. Құрсаудан еңбектеп өту. Жүріс түрлері Қимылды ойын: «Мені қуып жет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Танып атын ата» (саусақ ойындары) Мақсаты: өзінің жақын туыстарын ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын туыс адамдарының атауын білдіретін сөздермен толықтыру. (ата,әже,әке,ана т.б) Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімге баулу,қуанышты көңіл -күй сыйлау	Сенсорика Тақырыбы: « Моншақ тізбектейміз» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту үшін заттармен нәзік қимылдар жасауды үйрету	Сурет салу Тақырыбы: « Шамды жақ» Мақсаты: Қағаз бетіне саусақпен ұқыпты баса білуге үйрету Музыка Тақырыбы: «Әже» (М.Әубәкіров, С.Қалиев) Мақсаты: отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Әнді тыңдап, әуенге байланысты қимыл жасай білуге үйрету. Ән тыңдау: «Апатайым» (Б.Жұмабекова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі

«Менің көшем» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Допты екі қолмен лақтыру. Гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) ересектердің көмегімен жүру 2. Гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) ересектердің көмегімен жүру, Орындық астынан еңбектеп өту 3. Орындық астынан еңбектеп өту. Массажды жолмен жүру Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көліктерді ажырат»дидактикалық ойын (паравоз,мәшине,жедел жәрдем ойыншықтары) Мақсаты: аудио таспалар арқылы тыңдау мәдениетін қалыптастыру, дыбысына қарай көліктерді тануға (бип-бип,пыш-шыш,иу-иу) және дыбысын қайталауға үйрету	Жаратылыстану Тақырыбы:Менің мәшинем» (суреттермен ойын тапсырма) Мақсаты:Суреттегі көліктерді және шынайы көліктерді (ойыншық) тани білуге және ажыратуға үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: «Көше шамдары» Мақсаты: Жалпақ , дөңгелек пішіндерді мүсіндеу білуге үйрету Музыка Тақырыбы: «Әже» (М.Әубәкіров, С.Қалиев) Мақсаты: отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Әнді тыңдап, әуенге байланысты қимыл жасау дағдысын жетілдіру Ән тыңдау: «Апатайым» (Б.Жұмабекова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі
--	--	--	--	---

«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Допты төменге лақтыру, құрсаудан еңбектеп өту. 2. Құрсаудан еңбектеп өту. Лентадан аттап өту. 3. Лентадан аттап өту. “Қояндарша” бір орында секіру. Қимылды ойын: «Көңілді мәшина ойыны»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл не?» дидактикалық ойыны (ине,қайшы, пышақ суретті кәртiшкелер) Мақсаты:тілді көрнекіліксіз түсіну,заттарды табу және оларды суреттен тануға үйрету. Ересектердің сөзін түсініп тыңдай білуге дағдыландыру. «Бұл не?» сұрағына жауап бере білуге, «болмайды», «рұқсат» сөздерін түсініп дұрыс әрекет етуге үйрету.Есте сақтауға баулу	Сенсорика Тақырыбы: «Мен сияқты жаса» (дидактикалық ойын) Мақсаты: бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындау:алу және салу, пластикалық бөтелкенің тығынын жабу арқылы саусақ моторикаларын жетілдіру, түстерді ажыратуға және сәйкестендіруге баулу	Сурет салу Тақырыбы: «Мәшине дөңгелектері» Мақсаты: Ересектердің басшылығымен балаларға қағаз бетіне сұқ саусақпен нүктелі дақтар салудыүйрету Музыка Тақырыбы: «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров) Мақсаты: мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдай білуді үйрету, оларды сәйкесінше қимылдарды көрсете білуге қалыптастыру Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев). Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов,Ө.Байділдаев)
---	--	--	--	--

«Алтын күз» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Арқанның астынан еңбектеп өту.Биіктіктен секіру .(10-15см) 2. Биіктіктен секіру(10-15см), белгіленген жерге дейін еңбектеу (2-3 м) 3. Белгіленген жерге дейін еңбектеу (2-3 м), допты алысқа лақтыру Қимылды ойын: «Себетті толтыр»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан ертегісі» (үстел-үсті театры) Мақсаты: театр түрлері арқылы тыңдау мәдениетімен, түсіну дағдыларын қалыптастыру.Ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне эмоционалды көңіл-күйін білдіруге үйрету	Жаратылыстану Тақырыбы: «Сары жапырақтар» (балабақша ауласына саяхат) Мақсаты: қоршаған ортадағы заттарды тануға (ағаштар, жапырақтар) үйрету. Тірі және өлі табиғат туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру	Мүсіндеу Тақырыбы: « Кірпіге арналған алма» Мақсаты : Мүсіндеуге қызығушылығын арттыру, домалақтау тәсілін меңгерту Музыка Тақырыбы: «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров) Мақсаты: мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдай білуді, оларды сәйкесінше қимылдармен көрсете білуді бекіту Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов,Ө.Байділдаев)
--	---	--	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Қараша айы

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: дене мүшелерінің бөліктерін атауына сай ажыратуға, берілген нұсқауларды орындауын жетілдіру, мәдени- гигиеналық дағдыларға баулу

Міндеттері:

- ересектердің көмегімен қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- қағаз бетіне алақанмен ұқыпты баса білу дағдыларын қалыптастыру;
- біртекті заттарды ортақ белгісі бойынша топтастыру;
- жемістер жайлы біліп, оларды сурет арқылы және шынайы тани білуге үйрету;
- сазбалшықпен және оның қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0

«Өзім туралы» 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Белгіленген жерге дейін еңбектеу (2-3 м), допты алысқа лақтыру. 2. Допты алысқа лақтыру, шағын саты бойымен (биіктігі 1 м) жоғары, төмен өрмелеу. 3. Шағын саты бойымен (биіктігі 1 м) жоғары төмен өрмелеу, үстелдің астынан төрт тағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Мен сияқты жаса»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл мен!» (баламен сөйлесу) Мақсаты: өзінің дене мүшелерін ажыратып, атай білуге үйрету (бас,көз,кұлақ,қол-аяқ).Ересектердің нұсқаулары мен өтініштерін орындауға (аузынды аш,көзінді жұм, қолыңды, аяғыңды көрсетші) дағдыландыру	Сенсорика Тақырыбы: «Тұғырдағы сақиналар»(үстел-үсті ойыны) Мақсаты: Екі-үш сақинадан тұратын пирамидаға сақиналарды белгілі бір ізділікпен жинастыруға үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Менің алақаным» Мақсаты: Қағаз бетіне бояу жағылған алақанды басу арқылы бейнелеуге үйрету Музыка Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көремін» (Д.Қиқымов) Мақсаты: Ән салуға, музыкалық ырғақты қимылдарды орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру Ән тындау: «Күз келгенде» (Ж.Қалжанова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Бәріміз бірге» (А.Айтуова)
--	---	--	---	---

«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Допты алысқа лақтыру. Тақтайшадан аттап өту. 2. Тақтайшадан аттап өту. “Допты досыңа бер” ойын жаттығуы. 3.“Допты досыңа бер” ойын жаттығуы. Доптың соңынан құрсаудың ішіне кіріп еңбектеу. Қимылды ойын: « Қоянға сәбізді кім тез жинайды?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қуыршақ Сәулені тамақтандырамыз» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Балаларды ойынға қызығушылықпен қатысуға, тамақтану кезінде мәдени -гигиеналық талаптарды (тамақты төкпей- шашпай ішу, қасықты оң қолға ұстау, майлықты пайдалану) сақтауға баулу. Ұқыптылыққа үйрету	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістерді танимыз» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Жемістерді суреттерден және шынайы тануға үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: «Шиелер» Мақсаты: Сазбалшықты алақан арасына салып домалатуды үйрету. Музыка Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көремін» (Д.Қиқымов) Мақсаты: Ән салу, музыкалық ырғақты қимылдарды қайталау дағдыларын бекіту Ән тыңдау: «Күз келгенде» (Ж.Қалжанова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Бәріміз бірге» (А.Айтуова)
--	---	---	--	--

«Өзіңе және өзгелерге көмектес» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Доптың соңынан құрсаудың ішіне кіріп еңбектеу. Шарларды домалату. 2. Шарларды домалату. Шарларды жинау. 3. Шарларды жинау. “Шарды үрлеу” ойын жаттығуы Қимылды ойын: « Қуыршаққа шар жинайық»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршаққа киінуге көмектес» (дидактикалық ойын) Мақсаты: ересектердің көмегімен киімдерді киюдің реттілігін сақтай білуге үйрету. Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту.Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау	Сенсорика Тақырыбы: «Мұнаралар жасаймыз» (үстел-үсті ойыны) Мақсаты: Тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны жинастыруға үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Қонжыққа арналған жидек» Мақсаты : Бояу жағылған саусақтың көмегімен қағаз бетіне жидек бейнесін келтіру Музыка Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев) Мақсаты: көңілді әуендерді тыңдай білуге, дыбысқа еліктеулерді қайталай білуге үйрету Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Жемістер мен көкөністер»
--	--	--	--	---

«Біз күштіміз, ептіміз!» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Алға қарай жүгіру, отырып тұру. 2. Отырып тұру, таяқшалардан аттап өту . 3. Таяқшалардан аттап өту. Доптарды өздігінен себетке салу. Қимылды ойын: «Таяқшаны аттап өт»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бала,бала,баламыз» Е. Өтетілеуұлы Мақсаты: тақпақты тыңдау арқылы мағынасына сай қимыл-қозғалыстар жасап, мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту	Жаратылыстану Тақырыбы: «Су-біздің досымыз» Мақсаты: бейне таспалар арқылы өлі табиғат құбылыстары туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	Мүсіндеу Тақырыбы: «Көңілді доп» Мақсаты: дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге уйрету Музыка Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев) Мақсаты: көңілді әуендерді тыңдап, дыбысқа еліктеулерді қайталай дағдыларын бекіту Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев) Музыкалық-ырғақты қимыл:ойын «Жемістер мен көкөністер»
---	---	--	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып «Қызықты қыс мезгілі!»

Мақсаты: балаларды суретке қарау арқылы заттарды танып, көрсете білуге, эмоционалды көңіл- күй танытуға бейімдеу

Міндеттері:

- сөздік қорларын молайту;
- дыбыс шығаратын ойыншықтардың дыбысын тыңдауға, оны қайталап орындауға үйрету ;
- ақ түске боялған біртекті заттарды танып, ажыратуға баулу;
- ағаштарды белгілері бойынша танып, білуге қалыптастыру;
- дөңгелек пішінді мүсіндеуге,қағаз бетін жақпалармен толтыруға дағдыландыру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0

«Алақай, қыс келді.» 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Доптарды өздігінен себетке салу. Құрсаудан еңбектеп өту. 2. Құрсаудан еңбектеп өту. Лентадан аттап өту (биіктігі 10-15 см). 3. Лентадан аттап өту (биіктігі 10-15 см). көліктерге еліктеп түзу бағытта жүру. Қимылды ойын: «Қар жинаймыз»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аққала» (суретті кәртішкелермен жұмыс) Мақсаты:жыл мезгілдерінің қарапайым құбылыстарымен таныстыру.Аққаланың дене бөліктерін атауға үйрету. Сөздік қорларына (басы-домалақ, мұрыны-сәбіз,көзі-көмір т.б.) жаңа сөздер мен тіркестерді енгізу	Сенсорика Тақырыбы: «Қардың түсі қандай?» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Әр түске боялған (ақ , сары , жасыл) біртекті заттардың суреттерін тану дағдысын арттыру	Сурет салу Тақырыбы: «Қар жауып тұр» Мақсаты: Көк түсті қағазға бояу жағылған саусақпен нүктелі дақтар салуды үйретуді жалғастыру Музыка Тақырыбы: «Қыс» (К. Қуатбаев, К.Шалқаров) Мақсаты: Аудио-бейне таспадан ән тыңдау, ән тыңдата отырып ойындар ойнату Ән тыңдау: «Аяз-ата» (Ж. Қалжанова) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді ырғақ»
---	--	--	---	--

«Көңілді қарлар» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Көліктерге еліктеп түзу бағытта жүру, түзу сызықтың үстімен жүру. 2. Түзу сызықтың үстімен жүру. Допты тәрбиешіге лақтыру. 3. Допты тәрбиешіге лақтыру. “Доппен бірге секіреміз” ойын жаттығуы Қимылды ойын: «Ақ қоян отыр»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жапалақ қар» Қадыр Мырза Әли Мақсаты: таппақты тыңдау мәдениетін және оларды түсіну дағдыларын дамыту. Жеңіл табиғат құбылыстарын (қар себелеп, бұлт, жел т.б) атауға үйрету	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ғажайып қыс» (бақылау) Мақсаты: табиғат құбылыстарын бақылап, ажыратуға баулу	Мүсіндеу Тақырыбы: « Қар кесектері» Мақсаты: Үлкен-кіші сазбалшықты алақан арасына салып, домалату арқылы мүсіндеуді үйрету Музыка Тақырыбы: «Қыс» (К. Қуатбаев, К.Шалқаров) Мақсаты: аудио-бейне таспадан ән тыңдай отырып, ойындар ойнату. Ырғақты қимылдар жасату Ән тыңдау: «Аяз-ата» (Ж. Қалжанова) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді ырғақ»
---	--	---	--	---

«Ойын-сауықтар» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Арқаннан аттап өту. Бір қатар тізбекпен жылдам және баяу жүгіру. 2. Бір қатар тізбекпен жылдам және баяу жүгіру. Алаңның бір шеті мен екінші шетіне қол ұстасып жүгіру. 3. Алаңның бір шеті мен екінші шетіне қол ұстасып жүгіру. Бөренелер арқылы өту. Қимылды ойын: «Қайда сыңғырлайды?»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аяз атамен бірге» (ойын жаттығу) Мақсаты: дауысты дыбыстарды және түсінікті артикуляциялық қатынастағы дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. Айналадағы адамдардың сөздерін мұқият тыңдап, олардың ауызша талаптарын орындау қабілеттерін дамыту. «Бұл не?» (ойыншық аңдар) сұрағына жауап бере білуін, сөздерді қайталап, анық айтуын жетілдіру Тіл ұстарту жаттығулары: Ыс-ыс –ыс, қыс, Ар-ар-ар, қар, Та-та-та, Аяз ата, Ша-ша-ша, шырша	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып дыбыстар» (дидактикалық ойын) Мақсаты: музыкалық аспаптардың шығаратын дыбыстарын тыңдауға үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: Қағаз бетін ашық түсті жакпалармен толтыру Музыка Тақырыбы: «Жаңа жылдық хор» (А. Досмағамбетова) Мақсаты: Көңілді әндерді тыңдату арқылы әндегі жекелеген сөздерді айтуға баулу Ән тыңдау: «Ақшақар» (К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді шыршалар»
--	--	---	--	--

«Жасыл шырша жанында» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Бөренелер арқылы өту, аяқтың ұшымен жүру. 2. Аяқтың ұшымен жүру, жұптасып жүру. 3. Жұптасып жүру, бағытты өзгертіп жүгіру. Қимылды ойын: «Аңдарды тап»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ғажайып қоржын» (дидактикалық ойын) Мақсаты:ойын әрекетіне қатысуға, эмоционалды қабылдауға баулу. «Бұл не?», «Ол қандай?» сұрақтарына жауап беруге үйрету	Жаратылыстану Тақырыбы: «Шырша ағашы» (сурет, бейне-таспалар арқылы таныстыру) Мақсаты:заттарды белгілерінен тани білуге , ағаштарды ажырата білуге үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты: Ермексазды алақан арасына салып домалақтау, жалпақтау тәсілі арқылы мүсіндеу Музыка Тақырыбы: «Жаңа жылдық хор» (А.Досмағамбетова) Мақсаты: көңілді әндерді айта білу дағдыларын қалыптастыру, бекіту Ән тыңдау: «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ. Ыдырысов) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді шыршалар»
--	--	---	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

қаңтар айы

Өтпелі тақырып «Қар пайдасы»

Мақсаты:өзін қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері:

- былдыр сөздермен дыбыстарға еліктеуді біртіндеп жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру;
- түстерді ажырата білу дағдыларын арттыру;
- қағазды пайдаланып бейнелерді сала білу дағдыларын арттыру;
- домалату тәсілін меңгертуді жалғастыру;
- танымдық қабілеттерін арттыру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0

«1-апта»	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Құрсаудан құрсауға өту. Допты шағын төбешіктен домалату 2. Допты шағын төбешіктен домалату, гимнастикалық орындықтың үстінен еңбектеу. 3. Гимнастикалық орындықтың үстінен еңбектеу, допты тәрбиешіге домалату Қимылды ойын: «Көңілді аңдар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қар жамылған ағаш» Мақсаты: сурет бойынша ағаштардың қыс мезгіліндегі жай күйін, белгілерін атау	Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен-кіші ағаштар» (дидактикалық ойын) Мақсаты:логиканы дамыту үшін пішіні, көлемі бойынша бір-біріне ұқсас заттарды сәйкестендіру мен топтастыруды қалыптастыру	Сурет салу Тақырыбы: « Шырша шамдары» Мақсаты:қағаз бетіндегі бейнені бояу жағылған саусақтағы дақтармен бейнелеу Музыка Тақырыбы: «Анам гүлдің бағбаны» (А.Досмағамбетова, М.Әлімбай) Мақсаты: музыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдауға үйрету Ән тыңдау: «Күшік пен көбелек» (Л.Хамиди, Ш.Мұхамеджанов) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Қояндар биі» (В.Питерцев)
----------	--	---	--	--

«Жануарлар әлемі» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Допты тәрбиешіге домалату, кегльдердің арасымен жүру. 2. Кегльдердің арасымен жүру, бөренеден асып өту. 3. Бөренеден асып өту.Допты лақтыру Қимылды ойын: «Қонжыққа қарай еңбекте»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі (саусақ театры) Мақсаты: жануарлардың әрекеттері бейнеленген ертегіні тыңдауға және ертегі желісіне сай эмоционалды көңіл-күй білдіруге дағдыландыру. Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытып,жеңіл сөздерді (бауырсақ домалайды,қоян секіреді, қасқыр жүреді, аю қорбаңдайды т.б.) дұрыс айтуға баулу	Жаратылыстану Тақырыбы: « Мысық » Мақсаты: үй жануарын танып, даусына еліктеу дағдысын қалыптастыру	«Мүсіндеу» Тақырыбы: « Мысыққа арналған жіп» Мақсаты:балаларға ермексазбен алақан арасына салып домалатуды, қолданылған материалмен ұқыпты жұмыс жасауды үйрету Музыка Тақырыбы: «Анам гүлдің бағбаны» (А.Досмағамбетова, М.Әлімбай) Мақсаты: музыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдап, айта білу дағдыларын қалыптастыру Ән тыңдау: «Күшік пен көбелек» (Л.Хамиди, Ш.Мұхамеджанов) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Қояндар биі» (В.Питерцев)
--	--	--	---	--

«Құстар-біздің досымыз» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Допты лақтыру, домалаған доптың артынан еңбектеу. 2. Домалаған доптың артынан еңбектеу. 3.Таяқшалардан аттап жүру Таяқшалардан аттап жүру. Шағын саты бойымен (биіктігі 1 м) жоғары, төмен өрмелеу. Қимылды ойын: «Ұядағы құстар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» (дидактикалық ойын) Мақсаты: аудио- бейне жазбалар арқылы былдыр сөздермен дыбыстарға еліктеуді біртіндеп жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру. Пассивтік сөздік қордағы сөздерді айтқызу (шиқ-шиқ- балапан,шыр-шыр-торғай,қарқ-қарқ-қарға,ку-ка-реку-этеш,қыт-қыт-тауық,)	Сенсорика Тақырыбы: «Балапанның ұясы»- үстел-үсті ойыны (қиынды суреттермен жұмыс) Мақсаты : ересектердің көмегімен қарапайым құрылыстар құрастыруға үйрету. Логикалық ойлауын дамыту	Сурет салу Тақырыбы: «Құстарға жем береміз» Мақсаты: Қағаз бетін фломастер пайдалана отырып, ырғақты түрде дақтармен толтыруды үйрету Музыка Тақырыбы: «Торғай» (А.Досмағамбетова, Х.Талғаров) Мақсаты: көңілді музыкаларды тыңдай білуге, естуге ынталандыру. Ән айту сезімдерін ояту Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді шыршалар»
--	---	---	--	---

«Ғажайып қыс» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Кегльдердің арасымен жүру, бөренеден асып өту. 2. Кегльдердің арасымен жүру, бөренеден асып өту. 3. Бөренеден асып өту. Допты лақтыру Қимылды ойын: «Қарды жина»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аққала» өлеңі Мақсаты: өлеңді тыңдау, мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту.Балалардың түсінуіне жеңіл (көзі қара, мұрыны сәбіз, ауызы- ағаш, телпегі-темір) сөздерді қайталау	Жаратылыстану Тақырыбы: «Айналамыз аппақ қар» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын бақылау (қар жауып тұр,дала мұздай, жылы, қар суық т.б.)	Мүсіндеу Тақырыбы: «Аяз атаның сыйлығы» (кәмпиттер) Мақсаты:ермексазды алақан арасына салып домалату Музыка Тақырыбы: «Торғай» (А.Досмағамбетова, Х.Талғаров) Мақсаты: көңілді музыкаларды тыңдап, есту дағдыларын қалыптастыру. Ән айту сезімдерін ояту Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді шыршалар»
--	---	---	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

ақпан айы

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: өлі және тірі табиғат туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері:

- екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта білуге жаттықтыру;
- ойын әрекетінде достыққа баулу;
- музыкалық тембрлардың дыбыстарын ажыратуға дағдыландыру;
- дөңгелек пішінді мүсіндеуді үйретуді жалғастыру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0
«Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғ құбылыстары) 1 апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Жоғары қойылған көлбеу тақтайдың үстінен еңбектеу. 2. Допты лақтыру, домалаған доптың артынан еңбектеу. 3. Домалаған доптың артынан еңбектеу. Таяқшалардан аттап жүру Қимылды ойын: «Ғажайып шеңберге доп таста»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қар жауып тұр» Мақсаты: табиғи жағдайда айналасындағы, суреттердегі заттарды атауды, еліктеуі бойынша жаңа сөздерді (қар жауды, әппақ қар, жұмсақ қар, мұздай қар) тағы басқа екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға, түсінікті сұрақтарға жауап беру. Өлі табиғат туралы бастапқы түсініктерін кеңейту	Сенсорика Тақырыбы: «Сиқырлы құм» Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту үшін нәзік қол қимылдарын жасау	Сурет салу Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары» Мақсаты: Қағаз бетін бір түсті дақтармен саусақ арқылы толтыру Музыка Тақырыбы: «Бип-бип машина» Мақсаты: әнді тыңдау арқылы сәйкесінше қимылдармен көрсете білуге үйрету. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау Ән тыңдау: «Көліктер» Музыкалық-ырғақты қимыл: «Көңілді ырғақ»

«Көліктер» 2- апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Таяқшалардан аттап жүру, жоғары қойылған көлбеу тақтайдың үстінен еңбектеу. 2. Жоғары қойылған көлбеу тақтайдың үстінен еңбектеу. Биіктігі 10-15 см жәшіктің үстінен секіру. 3. Гимнастикалық орындықтың үстімен жүру. Биіктігі 10-15 см жәшіктің үстінен секіру Қимылды ойын: «Пойыз»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Пойыз» (ойын жаттығу) Мақсаты: балаларды өлеңді тыңдап, түсінуіне, жекелеген сөздерге сай қимыл-қозғалыс жасап қайталап айту	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көшедегі көліктер» Мақсаты: Қоршаған ортадағы және суреттерде берілген көлік түрлерімен ажыратуға баулу	Мүсіндеу Тақырыбы: «Дөңгелектер» Мақсаты: алақан арасына салып жалпақтау тәсілімен мүсіндеу Музыка Тақырыбы: «Бип-бип машина» Мақсаты: әнді тыңдау арқылы сәйкесінше қимылдармен көрсете білуге үйрету. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау Ән тыңдау: «Көліктер» Музыкалық-ырғақты қимыл: «Көңілді ырғақ»
--	--	---	--	--

«Электроника» 3- апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Допты жоғары лақтыру, жолмен (ені30 см, ұзындығы 3,5 м) жүру. 2. Жолмен (ені30 см, ұзындығы 3,5 м) жүру, кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. 3. Кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. Гимнастикалық орындықтың үстінен еңбектеу. Музыкалық жаттығу: «Фунтикпен билейік»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Танып,ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: белсенді сөйлеуде ересектердің сөйлеген сөздерін қайталау арқылы жеке сөздер мен тіркестерді жаңғырта білуге,суреттегі тұрмыстық техникалық құралдарды танып көрсете білуге(теледидар, үтік, тоңазытқыш,) үйрету. Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта білуге жаттықтыру (мама үтіктеді, теледидар көрдім, тоңазытқышқа майды салды т.б.)	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып дыбыстар» Мақсаты :естуді дамыту үшін түрлі дыбыс шығаратын заттармен (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтармен) таныстыруды жалғастыру	Сурет салу Тақырыбы: « Үйдегі шам» Мақсаты:бояу жағылған саусақпен қағазға сурет салуды үйрету Музыка Тақырыбы: «Көңілді күшігім» (А.Қайыржанқызы) Мақсаты: балаларға әннің әуенін тыңдай отырып, ересектермен қосылып айта білуге үйрету Ән тыңдау: «Мысық» (А.Досмағамбетова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақтар биі»
---	--	--	--	--

«Мамандықтың бәрі жақсы» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Гимнастикалық орындықтың үстінен еңбектеу. Допты домалату. 2. Допты домалату. Текшелердің арасымен жүру. 3.Текшелердің арасымен жүру. Екі қолмен себетке допты лақтыру Қимылды ойын: «Көңілді жүргізушілер»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қонжықты емдейміз» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды ойын әрекетіне қатысуға,эмоционалды көңіл күйлерін білдіруге (қонжық ауырып қалды,төсекке жатқызу),достық көмектерін жасауға (дәрі ішкізу,укол салу,дене қызуын өлшеу) үйрету.Шығарма кейіпкеріне жанашырлық танытуға баулу	Жаратылыстану Тақырыбы: « Біздің аспазшы апайлар» Мақсаты: қарапайым әрекеттерді тани білу дағдыларын арттыру	Мүсіндеу Тақырыбы: «Тоқаштар» Мақсаты: жалпақ дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге үйрету Музыка Тақырыбы: «Көңілді күшігім» (А.Қайыржанқызы) Мақсаты: әннің әуенін тыңдай отырып, ересектермен қосылып айтуға дағдыландыру Ән тыңдау: «Мысық» (А.Досмағамбетова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақтар биі»
---	---	--	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

наурыз айы

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: ойын түрлері арқылы халқымыздың тұрмыс салт жырларымен (бесік жыры) таныстыру

Міндеттері:

- әнді тыңдау арқылы жекелеген сөздерді дауыстап және әндетіп айту, қимыл әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту;
- заттарды қолдану арқылы түстерін ажырата білуге дағдыландыру;
- тірі және өлі табиғат туралы түсініктерін кеңейту;
- қарындаштармен жұмыс жасату дағдысын жетілдіру;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0

«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері» 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Екі қолмен себетке допты лақтыр, көлбеу тақтай үстімен жүру 2. Көлбеу тақтай үстімен жүру, бір аяқты екінші аяқтың жанына қойып бөренеден асып өту қос аяқпен. 3. Бір аяқты екінші аяқтың жанына қойып бөренеден асып өту қос аяқпен. Берілген бағыт бойынша заттардың арасымен жүгіру. Қимылды ойын:«Асықты кім тез жинайды?»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты ұйықтатамыз» «Әлди-әлди» бесік жыры Мақсаты: ересектердің сөйлеген сөздерін қайталау арқылы жеке сөздер мен тіркестерді жаңғырта білу, әнді тыңдау арқылы жекелеген сөздерді дауыстап және әндетіп айту арқылы қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту	Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен,кіші орамалдар» Мақсаты: бір мезгілде екі қажетті түс пен өлшемді , пішін мен түсті ажыратуды үйрету, қабылдауын дамыту	Сурет салу Тақырыбы: «Жолақтағы нүктелер» Мақсаты:қағаз бетіне қарындаштар арқылы нүктелер салу Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» (Ж.Қалжанова) Мақсаты: Ересектердің орындаған әндерін тыңдау және одан соң қайталауға үйрету Ән тыңдау: «Ертегі» (Б.Жұмабекова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі
---	---	--	--	---

«Ертегілер елінде. Театр әлемі» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Берілген бағыт бойынша заттардың арасымен жүгіру. Домалаған доптың артынан еңбектеу. 2. Домалаған доптың артынан еңбектеу, барлық топпен бағытты өзгертіп жүгіру. 3. Барлық топпен бағытты өзгертіп жүгіру. Шағын саты бойымен жоғары төмен түсіп өрмелеу (биіктігі 1 м) Қимылды ойын: «Маймылдар»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян ертегісі» (қуыршақ театры) Мақсаты: жануарлар әрекеттері бейнеленген шағын ертегілерді тыңдауға және эмоционалды көңіл күйін білдіруге үйрету. Жанашырлыққа баулу. Қуанышты көңіл күй сыйлау	Жаратылыстану Тақырыбы: «Түлкі-бізде қонақта» (үстел-үсті, конус театрлары) Мақсаты:жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарымен, белгілері арқылы ажырата білуге үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты:тұзды қамырды алақан арасына салып домалату Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» (Ж.Қалжанова) Мақсаты: Ересектердің орындаған әндерін тыңдап және одан соң қайталап айта білуге дағдыландыру Ән тыңдау: «Ертегі» (Б.Жұмабекова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі
--	--	---	--	---

«Өнер көзі –халықта» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Шағын саты бойымен жоғары төмен түсіп өрмелеу (биіктігі 1 м), допты жоғары лақтыру. 2. Допты жоғары лақтыру. Доғаның астынан төрт тағандап еңбектеу (биіктігі 50 см). 3. Доғаның астынан төрт тағандап еңбектеу (биіктігі 50 см). Еденде жатқан арқаннан аттап өту. Қимылды ойын: «Кішкентай шабандоздар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің әжем» Қадыр Мырза Әли Мақсаты:өлеңнің мазмұнына қатысты айтылатын лепті интонацияларды түсінуін дамыту. Жақын адамдардың туыстық атауын атай білуге үйрету	Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі түсті білезіктер» Мақсаты : құралдарды қолдануға, түстерді ажыратуға үйрету. Ұсақ қол моторикаларын дамыту мақсатында шашу, жинау,топтастыруға баулу	Сурет салу Тақырыбы:«Әжемнің орамалы» Мақсаты:қағаз парағындағы бейнені ашық түсті дақтармен әсемдеу Музыка Тақырыбы: «Наурыз-біздің жаңа жыл» (Ж.Қалжанова) Мақсаты: Әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдауды үйрету Ән тыңдау: «Наурыз» (Б.Жұмабекова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Шашақтармен би қимылдарын жасау»
---	--	---	---	---

«Нұр төккен , гүл көктем» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Еденде жатқан арқаннан аттап өту. Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру. 2. Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру. Нысанаға дейін еңбектеу. 3. Нысанаға дейін еңбектеу. Бір орында тұрып секіру. Қимылды ойын: «Кім алысқа лақтырады?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көктем» Ә. Асылбеков Мақсаты: өлеңді тыңдауға және жас ерекшелігіне сай табиғат құбылыстарын атай білуге (жаңбыр жауады тырс-тырс, күн күркіреді тарс-тарс,жел уілдейді у-у-у) жаттықтыру	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді» Мақсаты: табиғат құбылыстарын бақылау (жаңбыр жауады-тырс-тырс, жел уілдейді-у-у-у, күн күркіреді-гүрс-гүрс, найзағай шатырлайды шатыр-шұтыр) олардың дыбыстарын қайталап айтуға үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: « Алма» Мақсаты: алақан арасына салып домалақтау тәсілімен мүсіндеуге үйрету Музыка Тақырыбы: «Наурыз-біздің жаңа жыл» (Ж.Қалжанова) Мақсаты: Әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдаудағыларын қалыптастыру Ән тыңдау: «Наурыз» (Б.Жұмабекова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Шашақтармен би қимылдарын жасау»
--	---	---	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

сәуір айы

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: қысқа әңгімелер, шағын тақпақтар оқу арқылы кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, еңбекті бағалауға баулу

Міндеттері:

- ересектердің басшылығымен жеңіл еңбек әреттерін орындап , қарапайым еңбек дағдыларын меңгертуді жалғастыру;
- заттарды өлшеміне байланысты салыстыруға үйрету;
- қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту;
- жалпақ, дөңгелек пішінді мүсіндей білу дағдыларын бекіту;
- бөлме өсімдіктерінің әсемдігіне көңіл бөлуге баулу;
- көңілді және баяу әндерді тыңдату;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0

«Аялайық, гүлдерді» 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бір орында тұрып секіру. Допты алға домалатып оны қуып жетіп ұстау. 2. Допты алға домалатып оны қуып жетіп ұстау. Ұсақ заттарды қашықтыққа лақтыру. 3. Ұсақ заттарды қашықтыққа лақтыру. Арқанның астынан төрт тағандап еңбектеп өту. (биіктігі 50 см) Қимылды ойын: «Гүлдерді жинау»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Топтағы гүлдер» Мақсаты: балаларды гүлдердің бөліктерін атай отырып (жапырағы, күлтелері) сөздік қорын байыту, ересектердің нұсқауларын орындауға, екі үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта білу (гүлге су құю, жапырағын сүрту) түсінікті сұрақтарға жауап беру	Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен-кіші құмыралар» (дидактикалық ойын) Мақсаты: логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін пішіні мен көлемі бойынша заттарды топтастыру	Сурет салу Тақырыбы: « Алма ағашы гүлдеді» Мақсаты: қағаз бетіне ашық түсті дақтарды бояу жағылған саусақпен бейнелеу Музыка Тақырыбы: «Саябаққа барамыз» (Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбекова) Мақсаты: би әуендерінің көңілді сипатының күрделі емес қимылдарын жасай білуге (аяқтан аяққа ауысу, өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында тұрып айналу) үйрету Ән тыңдау: «Көктем келді» (Б.Бисенова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»
--	---	---	--	---

«Ас атасы-нан» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Арқанның астынан төрт тағандап еңбектеп өту. (биіктігі 50 см). Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. 2. Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. Допты көлденеңнен нысанаға дәлдеп лақтыру. 3. Допты көлденеңнен нысанаға дәлдеп лақтыру. Кегльдер арасымен жүру. Қимылды ойын: « Бидай сабақтарын жинайық»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Нан қоқымын шашпаңдар» Мақсаты: көркем шығарманың мазмұнына қатысты қойылған сұрақтарды түсінуін дамыту.Тақпақты қайталап айту арқылы мәтіндегі сөздерді айту. Нанды қадірлеуге, шашпауға тәрбиелеу	Жаратылыстану. Тақырыбы: «Нан өнімдері» Мақсаты:қоршаған ортадағы және суреттердегі заттарды тану (бөлке нан,печенье,торт,тоқаш) және шынайы тани білуді үйрету	Мүсіндеу Тақырыбы: « Әжемнің шелпегі» Мақсаты: тұзды қамырдан жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу Музыка Тақырыбы: «Саябаққа барамыз» (Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбекова) Мақсаты: би әуендерінің көңілді сипатының күрделі емес қимылдарын жасай білу, (аяқтан аяққа ауысу, өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында тұрып айналу) дағдыларын бекіту Ән тыңдау: «Көктем келді» (Б.Бисенова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»
---	---	--	---	--

«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Кегльдер арасымен жүру. Параллель қойылған екі жіптің астынан саңырауқұлақ теруге еңбектеп бару. 2. Параллель қойылған екі жіптің астынан саңырауқұлақ теруге еңбектеп бару. «Шарды үрлеу» ойын жаттығуы. 3. Шашырап жүру. Шағын топпен жүру. Қимылды ойын: «Саңырауқұлақ жина»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дыбысын сал» (Бейнежазба арқылы көрсету) Мақсаты: бейнежазба арқылы жәндіктердің қимылдарын, сыртқы белгілері, шығаратын дыбыстарын көріп, қайталау. Тілдік артикуляциялық қатынастағы дыбыстарды анық айтуын жетілдіру (жу-жу, зу-зу, ызз-ызз, ыс-ыс).	Сенсорика Тақырыбы: «Ненің дыбысы?» (Дидактикалық ойын) Мақсаты: естуді дамыту және ажырату үшін бақаның, масаның, араның дыбысын (бақ-бақ, ыз-ыз,) тыңдату	Сурет салу Тақырыбы: «Әсем көбелек» Мақсаты: қағаз бетіне түскен дайын бейнені ашық түсті дақтармен әсемдеу Музыка Тақырыбы: «Көбелек » (А.Досмағамбетова) Мақсаты: ойын әрекеттерін музыкалық сүйемелдеумен орындауға үйрету. Ән айтуға қызығушылықтарын ояту Ән тыңдау: «Төлдер» (Б.Ғизатов, Ж.Өмірбеков) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Құлыншақ»
--	--	--	--	---

«Еңбек-бәрін жеңбек» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Шағын топпен жүру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру. 2. Белгі бойынша тоқтап жүгіру. Гимнастикалық тақтайдың бойымен еңбектеу. 3. Гимнастикалық тақтайдың бойымен еңбектеу. Текшелерден аттап жүру. Қимылды ойын:«Кім тез жетеді?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен тышқан» Виталий Бианки әңгімесі Мақсаты: көркем шығарманың мазмұнына байланысты айтылған сұраулы, лепті интонацияларды түсінуін дамыту. Мәтінді қайталап оқу арқылы сөздерді айта білу. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, еңбекті бағалауға баулу	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме гүлдерін күтіп-баптаймыз» Мақсаты:гүлдеп тұрған бөлме өсімдіктерінің әсемдігіне көңіл бөлуге тәрбиелеу.Ересектердің нұсқауларын орындауға баулу.Еңбек сүйгіштікке баулу	Мүсіндеу Тақырыбы: «Күрекше» Мақсаты: Ермексазды жалпақтау тәсілімен күрекше жасау дағдысын қалыптастыру Музыка Тақырыбы: «Көбелек » (А.Досмағамбетова) Мақсаты:ойын әрекеттерін музыкалық сүйемелдеумен орындап, ән айту дағдыларын бекіту Ән тыңдау: «Төлдер» (Б.Ғизатов, Ж.Өмірбеков) Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Құлыншақ»
---	--	---	---	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

мамыр айы

Өтпелі тақырып «Жайдары жаз келді!»

Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін көтеру, әртүрлі іс- әрекетті эмоциялы қабылдау

Міндеттері: үлкендердің нұсқауларын орындап, жалғауы бар сөйлемдерді түсіну, іс-әрекетті білдіретін сөздерді түсінуін бекіту;

-біртекті заттарды ортақ белгілері бойынша топтастыру;

-қағаз бетіне бейнелерді дұрыс орналастыра білу;

- би қимылдарымен әуенге сай қозғала білуін дамыту;

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 1	Шығармашылық- 2
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0.5	Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5 музыка – 1,0
«Сиқырлы түстер» 1-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Бір қатар тізбекпен жылдам және баяу жүгіру.Жол бойымен еңбектеу 2 м қашықтыққа. 2. Жол бойымен еңбектеу 2 м қашықтыққа. Шағын төбешіктен допты домалату. 3. Шағын төбешіктен допты домалату. Шашырап жүгіру. Қимылды ойын: « Түрлі-түсті шарларды жинайық»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді шарлар» Мақсаты: таныс заттардың белгілерін, түстерін айта білу дағдыларын бекіту. Ересектердің сөйлеген сөздерін қайталау , жеке сөздер мен сөз тіркестерін дауыстап айта алу дағдыларын бекіту	Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі – түсті шарлар» Мақсаты: пішіні мен түсі бойынша топтастыра білу дағдыларын бекіту	Сурет салу Тақырыбы: «Көңілді алақандар!» Мақсаты: бояу жағылған алақанды қағаз бетіне ұқыпты басу Музыка Тақырыбы: «Топ-топ балақані» (К.Қуантбаев) Мақсаты: ән айтып, музыкалық-ырғақты қимылдарды орындай білуге үйрету Ән тындау: «Қызыл, жасыл көбелек» (А.Райымқұлова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Ойыншықпен би»

«Әрқашан күн сөнбесін!» 2-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Шашырап жүгіру. Еденде жатқан лентадан аттап өту. 2. Еденде жатқан лентадан аттап өту. Допты екі қолмен алға лақтыру. 3. Допты екі қолмен алға лақтыру. Жоғары қойылған көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күн» С.Оспанов Мақсаты: күн туралы түсінігін жетілдіру, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу, балалардың түсінуіне жеңіл өлең шумағын қайталап айту (күн ұйықтайды, күн оянды, күн ашылды)	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жайдарлы күн» Мақсаты:табиғат құбылыстарының ерекшеліктеріне эмоционалды көңіл-күй танытуға баулу	Мүсіндеу Тақырыбы: « Күлімдеген күн» Мақсаты:ермексазды алақан арсына салып дөңгелек пішіндер мүсіндей білуін бекіту Музыка Тақырыбы: «Топ-топ балақан» (К.Қуантбаев) Мақсаты: ән айтып, музыкалық-ырғақты қимылдарды орындай білуге дағдыландыру Ән тыңдау: «Қызыл, жасыл көбелек» (А.Райымқұлова) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Ойыншықпен би»
---	---	--	---	---

«Көңілді жаз» 3-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Жоғары қойылған көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу.Допты төменге лақтыр. 2. Допты төменге лақтыр, «Секіргіштер» ойын жаттығуы. 3. Шарды домалату, доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 50 см). Қимылды ойын: «Көгалдағы балапандар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді балғындар» ойын-жаттығуы Мақсаты: үлкендердің нұсқауларын орындап, жалғауы бар сөйлемдерді түсінуге, іс-әрекетті білдіретін сөздерді түсініп, қайталап айту. Ойын әрекетіне қатысуды, әрекеттерін эмоциялы қабылдауды үйретуді жалғастыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға, еліктеуге баулу	Сенсорика Тақырыбы: « Көңілді серуен» Мақсаты: ересектердің нұсқауларын түсінеді, айналасындағы кеңістіктен заттарды таба білу қабілеттерін арттыру	Сурет салу Тақырыбы: «Жазғы шалғын» Мақсаты:қағаз бетіне бояу саусақтың ұшымен сүйкей жағу әдісімен сурет салу дағдысын бекіту Музыка Тақырыбы: «Алақай, жаз келді» (К. Қуатбаев) Мақсаты: Әнді тыңдау, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдысын қалыптастыру, көңіл күй сезімдерін ояту Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі
--	---	--	---	--

«Жәндіктер оянды» 4-апта	Денешынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 50 см). Таяқшалардан аттап өту. 2. Таяқшалардан аттап өту. Бір – бірінің артынан жүгіру. 3. Бір – бірінің артынан жүгіру. Себетке доп лақтыру. Ойын жаттығу: «Еңбек сүйгіш құмырсқа»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа» Н.Жанаев Мақсаты: шағын тақпақ арқылы тыңдау мәдениетін және оны түсіну дағдыларын қалыптастыру, эмоционалды көңіл күйін білдіруге үйрету, қайталау арқылы өлең сөздерін айтқызу	Жаратылыстану Тақырыбы: «Еңбек сүйгіш құмырсқа» Мақсаты: құмырсқаның тіршілігін бақылау	Мүсіндеу Тақырыбы: «Мен жасай аламын» Мақсаты: қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету Музыка Тақырыбы: «Алақай, жаз келді» (К. Қуатбаев) Мақсаты: Әнді тыңдап, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын бекіту, көңіл күйлерін көтеру Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай) Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі
--	--	--	---	---

